

**Қазақ халқының өлім-  
жітім  
жөнелту салты**

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӨЛІМ-ЖІТІМ ЖӨНЕЛТУ САЛТЫ

«Бір тумақ, бір өлмек» адам баласының барлығының басындағы шаруасы. «Өлім қайда барасың? -сынға барамын» дегендей, үлкендері жастарының құлағына «мен өлгенде күлкіге қалмаңдар» деп «өлімнен ұят күшті», «бардың малын шашамын, жоқтың артын ашамын» демекші, қазақ халқы бар жоғына қарамай шама-шарқысынша өлімді қастерлеп ұзатады. Өлім-жітім істері ислам дініне сай «құран кәрім»-нің тағылымдары бойынша жөнелтіледі.


# Өлім-жітім жөнелту салты

- Аттандыру
- Қабір дайындау
- Жерлеу
- Нәзір өткізу
- Жол-жосын



# ҚАБІР ДАЙЫНДАУ

Адам жан үзгеннен кейін хабар айтуды орналастыру барысында, қабір қазу жұмысын бірлікте ұйымдастырады. Қабір қазуға сол ауылдың азаматтары шығарылады. Қабір қазуға шақырылған азамат сылтау айтпайды. Бұларға қабір қазуды білетін кісілерден 1-2 адам ілесе барады. Қабір қазуда қаза болушының өсиеті бойынша немесе туыс-туғандарының ақылдасуы негізінде, жақын маңдағы зираттан, бұрынғы өмірден өткен туыстарының қатарына немесе алыс болса да туыстарының қасына арпарып жерлейтінде де кездеседі. Қазақ халқында қабірдің қазылу формасы 5 түрлі болады. Олар шам ақым (шам көр), жан ақым, жарма ақым, тік ақым, бала көр (ошақ көр) қатарлылар.



# ЖЕРЛЕУ

[Мәйітті жерлеу](#)-мәйіт бейіт басына апарылғаннан кейін, алдымен ақым ішін торқалап шығады. Торқалау дегеніміз-ақым ішіндегі топырақты майдалап мәйітті жатқызғанда топырағы майда болсын дегендік. Одан соң, ақы иесінің біреуі ақымның ішіне кіріп көреді. Ақы иесі мақұлдаған соң, ақым ішіне екі адам кіріп, құдықта төрт адам тұрып қолдасып, мәйіттің аяқ жағы алдымен ақымға түсіріледі. Бұл барыста құдық төбесінде төрт адам ақырет киіздің төрт бұрышынан кере жайып күнді тасалап тұрады. Осы арқылы саумалап, ақым ішіне кіргізілген соң бас топырағы (құдықты қазуды бастағандағы бірінші күрек топырақ) және ақым ішіне барлық жамағат бір шымшымнан күрекке топырақ салып бас топырақпен бірлікте ақым ішіне жеткізіледі. Бас топырақты ақым ішіндегі бір адам, мәйіттің бас жағына паршаламай қойып, шымшымнан апарылған топырақты мәйітті айландыра шашып шығады да, мәйіттің үш жерінен буылған белбеу ағытылып мәйіттің басын батысқа бұрыңқырап, ақырет киімінің жағалық жағымен бет жағын қалқалап (бұл жерде мәйіттің басы солтүстікте аяғы оңтүстікке келтіріп жатқызады) жайғастырып болған соң, ішіндегі екі адам шығып, ақымның аузы бекітіледі. Ақы иесі алдымен жеті күрек топырақ тастаған кейін, бейіт басындағы жамағат толық отырып, молда құран оқиды. Одан соң жамағат құдыққа кезекпен Олған соң төбесі бесік формасына келтіріледі. Ақыммен құдықтың арасындағы керегесі 0.5метр болуы керек. Кей жерлерде ақым мен құдық арасындағы кереге берік болуы үшін әрі мәйітті алып кіруге қолайлы болуды ойластырып, құдық шығыстан батысқа, ұзын төрт бұрыш формасында қазылып жатқан жәйіттерде кездеседі.

ТОПЫРА  
Қ САЛУ

ЖЕРЛ  
ЕУ

АТ  
ҚОЙЫП  
КЕЛУ

АМАНА  
Т ҚОЮ



**НӘЗІР  
ӨТКІЗУ**

```
graph TD; A[НӘЗІР ӨТКІЗУ] --> B[ҮШІ ЖӘНЕ ЖЕТІСІ]; A --> C[ҚЫРҚЫ НӘЗІРІ]; A --> D[ЖЫЛ НӘЗІРІ];
```

**ҮШІ  
ЖӘНЕ  
ЖЕТІСІ  
І**

**ҚЫРҚЫ  
НӘЗІРІ**

**ЖЫЛ  
НӘЗІ  
Р**

# ЖОЛ ЖОСЫН

1. [Шымылдық](#)
2. [Бокша](#)
3. [Ақырет киіз](#)
4. [Шың киім](#)
5. [Естіртпей әкелу](#)
6. [Көріспеу](#)
7. [Дауыс шығарып келу](#)
8. [Жоқтау](#)
9. [Көңіл айту](#)
10. [Сүйек күзету](#)
11. [Суға алғанда берілетін киім](#)
12. [Теберік](#)
13. [Құран аударту](#)
14. [Сыпар өткізу](#)
15. [Тұлдау](#)
16. [Қаралық шайға шақыру](#)
17. [Ақтық салу](#)
18. [Жер ошақ қоңырсыту](#)
19. [Туын жығу](#)
20. [Қалау](#)

